

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

«Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», «Қызметтер»
кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі –
жобаларды басқару топтарының Республикалық оқу-әдістемелік
кеңесінің (ОӘБ-ЖБТ РОӘК) кеңейтілген мәжілісінің
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Қарағанды қ.

28 наурыз 2025 ж.

Төраға: Исатаева Ф.М. – ОӘБ-ЖБТ РОӘБ төрағасының орынбасары.

Қатысқандар: жобаларды басқару тобының 95 мүшесі (офлайн, онлайн форматта), жұмыс берушілер, «Атамекен» ҚР ҰКП өкілдері, шетелдік сарапшылар, ҚР ЖОО өкілдері.

Шақырылғандар: 9 өнеркәсіп өкілдері, жұмыс беруші өнеркәсіп басшылары, БАҚ өкілдері.

Күн тәртібі:

1. Инженерлік кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру. **Баяндамашы: Юрченко Василий Викторович**, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Технологиялық жабдық, машина жасау және стандарттау» кафедрасының меңгерушісі, PhD, ЖББ-ОӘБ басшысы.
2. Адами ресурстарды дамыту және кадрлар даярлау. **Баяндамашы: Байгабелов Жанибек Алтынбекович**, «Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры, «Maker» ЖШС Қарағанды құю-машина жасау зауытының басқарма төрағасы, «Атамекен» ҚР ҰКП машина жасау комитетінің төрағасы, Қазақстан машина жасаушылар одағының Қарағанды облысы бойынша өңірлік өкілі.
3. Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру. **Баяндамашы: Омарханов Ғабит Тельманұлы**, «Құрылысмет» ЖШС Бас директоры.
4. Халықаралық ынтымақтастық жоғары деңгейдегі инженерлерді даярлау құралы ретінде. **Баяндамашы: Витаутас Бучинскас**, PhD, профессор, шетелдік сарапшы, «Мехатроника, робототехника және цифрлық өндіріс» кафедрасының меңгерушісі, Гедиминас атындағы Вильнюс техникалық университеті., Вильнюс қ., Литва.
5. Тәжірибеге бағдарлап оқыту - заманауи өндірістің талабы. **Баяндамашы: Ким Владислав Николаевич**, KazTechPro ЖШС сервис директоры.
6. Стандарттау, сертификаттау және метрология саласында кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру. **Баяндамашы: Юрченко Василий Викторович**, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық

университеті» КеАҚ «Технологиялық жабдық, машина жасау және стандарттау» кафедрасының меңгерушісі, PhD, ЖББ-ОӘБ басшысы.

7. Кәсіптік стандарттар негізінде оқу бағдарламаларын қалыптастыру.
Баяндамашы: Аймағамбетова Раушан Жанатқызы, МТИ ЕО ҚТРМ салалық кеңесінің бастығы, КазСтандарт ҒЗЖ және оқыту департаментінің басшысы.

8. Білім беру бағдарламаларын қазіргі заманғы өндірістің талаптарына бағдарлау. **Баяндамашы: Быкова Наталья Анатольевна**, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі, «НаЦЭКС» АҚ ҚФ.

9. Әртүрлі. Оқулықтарға гриф (таңба) беру туралы.

Баяндамашы: Исатаева Фарида Муратовна, ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Исатаева Фарида Муратовна, «Инженерлік, өндеу және құрылыс салалары», «Қызметтер» кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі – жобаларды басқару топтарының Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (ОӘБ-ЖБТ РОӘК) кеңейтілген мәжілісінің күн тәртібімен және баяндамашылармен таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Юрченко Василий Викторович, Инженерлік кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру тақырыбында баяндама оқыды. Тақырып бойынша өзекті мәселелер талқыланып, сұрақтарға жауап берілді (материал қоса берілді).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Байгабелов Жанибек Алтынбекович, Адами ресурстарды дамыту және кадрлар даярлау тақырыбы бойынша баяндама жасап, сұрақтарға жауап берді (материал қоса берілді).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Омарханов Ғабит Тельманұлы, Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру туралы сөз сөйледі (материал қоса берілді).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Витаутас Бучинскас, Халықаралық ынтымақтастық жоғары деңгейдегі инженерлерді даярлау құралы ретінде дәйектер келтіріп, сұрақтарға жауап берді (материал қоса берілді).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Ким Владислав Николаевич, Тәжірибеге бағдарлап оқыту - заманауи өндірістің талабы атты тақырыпта баяндама жасады (материал қоса берілді).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Юрченко Василий Викторович, Стандарттау, сертификаттау және метрология саласында кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру туралы баяндама жасады (материал қоса берілді).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Аймағамбетова Раушан Жанатқызы, Кәсіптік стандарттар негізінде оқу бағдарламаларын қалыптастыру туралы сөз сөйледі (материал қоса берілді).

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Быкова Наталья Анатольевна, . Білім беру бағдарламаларын қазіргі заманғы өндірістің талаптарына бағдарлау туралы сөз сөйледі (материал қоса берілді).

9. Әртүрлі. Оқулықтарға гриф (танба) беру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ: ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары Исатаева Ф.М:

1. Проект: Инженерия и инженерное дело: Механика и металлообработка, название учебника: «Прогрессивные методы обработки и упрочнение деталей», язык учебника: на русском языке, авторы: А.Н. Синько, Т.Ю. Никонova, А.С. Берг, О.М. Жаркевич НАО «Қарағандинский технический университет имени Абылқаса Сағинова», Антиплагиат: 96,6%.

2. Проект: Гигиена и охрана труда на производстве, название учебника: «Прогрессивные методы обработки и упрочнение деталей», язык учебника : на русском языке, авторы: А.А. Торғаева, А.К. Иманғалиева, А.С. Бегимбетова НАО «Алматынский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева», Антиплагиат: 86,4 %.

3. Жоба: Инженерия және инженерлік іс: Геофизикалық технологиялар және инжиниринг, оқулық атауы: «Ғылыми зерттеулер мен өнертапқыштық шығармашылықтың негіздері», оқулық тілі: қазақ тілінде, авторлары: Д.Ю. Пак, С.С. Сағинтаева, Ю.Н. Пак, А.Ю. Тебаева «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Антиплагиат: 90,9%.

4. Проект: Инженерия и инженерное дело: Геофизический технологи и инжиниринг, название учебника: «Интерпретация результатов промыслово-геофизических исследований», язык учебника: на русском языке, авторы: М.В. Пономарева, Е.В. Пономарева НАО «Қарағандинский технический университет имени Абылқаса Сағинова», Антиплагиат: 88,7 %.

5. Проект: Инженерия и инженерное дело: Геофизический технологии и инжиниринг, название учебника: «Региональная геологии и геотектоника», язык учебника : на русском языке, авторы: А.Н. Копобаева, Н.С. Аскарова, А. Амангелдіқызы., НАО «Қарағандинский технический университет имени Абылқаса Сағинова», Антиплагиат: 77,9 %.

6. Проект: Инженерия и инженерное дело: Механика и металлообработка, название учебника: «Русский язык. В2.Часть II», язык учебника: на русском языке, авторы: Н.К. Шаяхметова, Ж.А. Азимбаева, А.Ю. Кишенова НАО «Қарағандинский технический университет имени Абылқаса Сағинова», Антиплагиат: 81,9 %.

7. Проект: Инженерия и инженерное дело: Механика и металлообработка, название учебника: «Упрочняющие покрытия на детали и конструкции промышленных предприятий», язык учебника: на русском языке, авторы: В.М. Юров, В.С. Портнов, С.А. Гученко, М.А. Рахимов, В.В. Юрченко, А.Д. Маусымбаева, Г.М. Рахимова НАО «Қарағандинский технический университет имени Абылқаса Сағинова», Антиплагиат: 81,8 %.

Дауыс бергендер: Қолдағандар – 100%.

қарсы болғандар – жоқ.

қалыс қалғандар – жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ұсынылған 7 оқу құралы мен оқулықтарға ОӘБ-ЖБТ РОӘК таңбасы (грифі) беріле отырып, басылымға ұсынылсын.


Резолюция.

1. Инженерлік кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында steam-білім беруді енгізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ білім алушылардың заманауи технологияларды неғұрлым табысты игеруі үшін виртуалды зертханаларды, симуляторларды және онлайн-курстарды пайдалануды қоса алғанда, білім беру процесін цифрландыруды жеделдету қажет.
2. Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өндірістік ортадағы әлеуметтік бейімделудің өзара байланысын қамтамасыз ету, коммуникативтік дағдылар мен инженерлік құзыреттерді арттыру – яғни инженердің тұлға ретінде кешенді дамуы тұрғысынан адам ресурстарын дамыту талап етіледі.
3. Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіруге кәсіпорындардың білім алушының өндірістегі тәлімгерлермен тұрақты байланысына ашықтығы ықпал етуі мүмкін.
4. Халықаралық ынтымақтастық жүйесін қайта қарау түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың деңгейін жетілдіруді, оқытудың озық әдістерінің трансфертін, сондай-ақ озық елдердің тәжірибесі негізінде ғылыми және өндірістік спектрді дамытуды қамтамасыз етеді.
5. Тәжірибеге бағдарлау оқыту-дуальды білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге, жоғары оқу орындарының оқытушыларын кәсіпорындардың өндірістік процестеріне тартуға және олардың өндірістік біліктілігін үнемі арттыруға негізделуі тиіс заманауи өндірістің талабы.
6. Стандарттау, сертификаттау және метрология саласында кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру қазіргі заманғы халықаралық және ұлттық стандарттарды ескере отырып, білім беру бағдарламаларын тұрақты өзектендіруді талап етеді, бұл әлемдік нарық талаптарына жауап беретін мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.
7. Оқу бағдарламаларын әзірлеу түлектерді даярлаудың саланың нақты қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін кәсіби стандарттардың талаптарын талдауға негізделуі керек. Кәсіби стандарттардағы өзгерістерді ескере отырып, оқу курстарын үнемі бақылау және жаңарту қажет, бұл түлектердің білімі мен дағдыларын өзекті етуге мүмкіндік береді.
8. Білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы өндіріс талаптарына бағдарлануын қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды енгізу, оның ішінде цифрлық оқыту платформалары мен зертханаларын құру талап етіледі, бұл болашақ мамандарға сапаны бақылаудың, Метрология мен сертификаттаудың заманауи әдістерін интерактивті форматта меңгеруге мүмкіндік береді.

**ОӘБ - ЖБТ РӨӘК төрағасының
орынбасары**

Ф.М. Исатаева

Хатшы



А. Авдолхан